ҚР ДСМ қоғамдық денсаулық сақтау Комитетіне қарасты «Санитариялық эпидемиологиялық сараптау және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» мәліметтері бойынша ҚР 2017-2019 жылдары, сәйкесінше 1104, 998 және 842 адам бруцеллез ауруына шалдыққан. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында бруцеллез ауруымен ауыратындар саны бойынша Жамбыл облысы бірінші орында. 100 мың адамға шаққандағы аурудың жоғары көрсеткіші облыстың 50% құрайтын Т.Рысқұлов, Жуалы, Сарысу, Талас және Мойынқұм аудандарында байқалды, 3 жыл ішінде бұл аймақтарда 309 бруцеллез ауруы тіркелген, бұл осы кезеңде анықталған наукастардың жалпы санының 51,8% құрайды.

2017-2019 жылдары облыстың барлық аудандарында жануарлар мен адамдар арасында бруцеллез ауруы тіркелгені байқалады.

Адамдар мен жануарлар бруцеллезінен таза аудандар болған жоқ. Т.Рысқұлов, Жуалы, Сарысу және Мойынқұм аудандарында 100 мың адамға шаққандағы аурудың жоғары деңгейі сол аудандарда ҰММ бруцеллезге шалдығуының жоғары деңгейімен сәйкес келеді, бұл жағдай ҰММ мен адамдардың бруцеллезі арасында тікелей коррелятивтік байланыс бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Тараз қаласы, Байзақ, Жамбыл және Шу аудандарында адамдардың бруцеллезбен ауыруы, сол жерлердегі ірі қара және басқа да жануарлар түрлерінің бруцеллезбен ауырғандығына байланысты екендігі байқалады.

Жалпы, Жамбыл облысында соңғы жылдардағы адамдардың бруцеллезбен ауруының жоғары деңгейде болуы, облыс шаруашылықтарында ұстап бағылатын ұсақ мүйізді малдың көптігіне (облыс ұсақ мүйізді мал саны жағынан Қазақстанда үшінші орын алады), сонымен қатар бруцеллездің кең аумақтық таралуына байланысты деп қорытындылауға болады.

Қорытынды. Облыс аймақтарында ұсақ мүйізді мал бруцеллезінің түгелдей дерлік таралғаны және жануарлардың бруцеллез ауруының сақталуына ықпал ететін маңызды себептер анықталды.

ҰММ бруцеллезінің жоғары деңгейі облыстың 4 аумақтық бірлігінде тіркелген, ол облыс территориясының 36,4% құрайды, қалған 63,6% аумақта (7 аудан) бұл инфекцияның таралуын орташа деңгейге жатқызуға болады. Бруцеллез ауруынан таза аудандар жоқ.

Эпизоотологиялық және эпидемиологиялық бақылаулар соңғы жылдары Жамбыл облысында адамдар бруцеллезінің жоғары деңгейде болуы, облыс шаруашылықтарда күтіп бағылатын ҰММ көптігімен, сондай-ақ олардың арасында бруцеллездің кең аумақтық таралуына байланысты екендігі анықталды.

Адамдардағы бруцеллез ауруының аумақтық таралуы мен ұсақ мүйізді және ірі қара мал бруцеллезінің таралуында тікелей байланыс бар екендігі анықталынды, бұл бруцеллез инфекциясының осы аумақта айналымда болуы мен сақталуындағы ауылшаруашылық жануарларының рөлін көрсетеді.

Ресми эпизоотологиялық деректерді және облыстық және аудандық ветеринарлық ұйымдардан жиналған ақпараттарды зерттеу жануарлардың бруцеллездегі эпизоотиялық процесінің, аймақтағы АО мен ЭБ арасында бруцеллез инфекциясының таралу деңгейі сияқты кейбір сапалық көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді, бұны ветеринария мамандары бруцеллезге қарсы шараларды жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде қолдана алады. Осылайша, жануарлардың бруцеллезіне уақтылы мониторинг жүргізу, жануарлардың ауруы мен бруцеллездің аумақтық таралуын талдау, әртүрлі эпизоотологиялық мәртебесі бар аудандарда бруцеллез инфекциясының даму динамикасын бақылауға және бруцеллезге қарсы алдын алу мен сауықтыру шараларын ғылыми негізде дұрыс өткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Базарбаев М. Бруцеллез животных (эпизоотология, диагностика и профилактика) [Текст]: монография/ Базарбаев М., Тен В.Б., Канатбаев С.Г.– Караганда, 2018. – 461 с.

2. Султанов А.А., Абуталип А.А. Задачи эпизоотологического мониторинга в Республике Казахстан // Мат. выездной заседаний Ком-та по аграрным вопросам Мажилиса Парламента РК «Проблемы и перспективы обеспечения ветеринарной безопасности животноводства в РК – А., 2013. – С. 123-127.

3. Барамова Ш.А., Абуталип А.А., Даугалиева А.Т., Тусипканулы О., Адамбаева А.А., Воробьев В.И., Чарыпхан Д. Эпизоотологический мониторинг бруцеллеза животных в Казахстане/ Scientific Light Vol 1, No 8 (2017) Wrocalw, Poland. ISSN 0548-7110 – С. 3-10.

4. Канжигитов Е.К. Профилактика бруцеллеза мелкого рогатого скота // Автореф. дисс. докт. вет. наук. – А., 2006. – 48с.

5. Бакулов И.А., Третьяков А.Д. Руководство по общей эпизоотологии. – М., 1979. – 424 с.

6. Султанов А.А., Абуталип А., Барамова Ш.А. Сравнительный анализ диагностических исследований и эпизоотической ситуации по бруцеллезу животных в РК за 2014–2016гг. «Проблемы теории и практики современной ветеринарной науки и практики» Сб.науч. трудов ТОО «КазНИВИ», – А., 2017. – С. 3-14.

7. Методические указания по лабораторной диагностике бруцеллеза [Текст]: ветеринарное законодательство Республики Казахстан. – Астана, 2005. – 23 с.

Резюме

ЭПИЗОТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ ПО БРУЦЕЛЛЕЗУ МЕЛКОГО РОГАТОГО СКОТА В ЖАМБЫЛЬСКОЙ ОБЛАСТИ ЗА ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ

Тлепов А.А., Аубакиров Н.А., Абуталип А., Барамова Ш.А.,
Тусипканулы О., Омарбек Н.

Филиал «Жамбылская научно – исследовательская
ветеринарная станция» ТОО «КазНИВИ»,
ТОО «Казахский научно-исследовательский ветеринарный
институт»

Результаты исследования выявили почти повсеместную распространенность бруцеллеза у мелкого рогатого скота в регионе и

основные причины бруцеллеза у животных. Была разработана карта эпизоотического районирования, позволяющая наглядно увидеть распространенность бруцеллеза в регионе и потенциальные риски его распространения. Эпидемиологический мониторинг позволяет анализировать территориальное распределение бруцеллеза у животных, отслеживать динамику бруцеллеза в районах с различным эпизоотологическим статусом и проводить профилактические и оздоровительные мероприятия против бруцеллеза на научной основе.

Ключевые слова: бруцеллез, заболеваемость, эпизоотологический мониторинг, профилактика, оздоровление

Summary

EPISOOTIC SITUATION ON BRUCELLOSIS OF SMALL CATTLE IN THE ZHAMBIL REGION OVER THE LAST YEARS

Tlepov A.A., Aubakirov N.A., Abutalip A., Baramova Sh.A.,
Tusipkanuly O., Omarbek N.

«Zhambyl Scientific – research Veterinary Station» branch of
«Kazakh Scientific – research Veterinary Institute» LLP,
LLP «Kazakh Scientific – research Veterinary Institute»

The results of the study revealed the prevalence of brucellosis in small ruminants in the region and the main causes of brucellosis in animals. A map of epizootic zoning was developed, which allows you to visually see the prevalence of brucellosis in the region and the potential risks of its spread. Epidemiological monitoring allows you to analyze the territorial distribution of brucellosis in animals, to monitor the dynamics of brucellosis in areas with different epizootological status and to carry out preventive and health measures against brucellosis on a scientific basis.

Key words: brucellosis, incidence, epizootological monitoring, prevention, recovery

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАНУАРЛАРДЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ ІНДЕТІН БАЛАУ ЖӘНЕ ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ЗЕРТТЕУ

Тоғанаев Ж.Қ., Жанбырбаев М.Ж.,
Қалаубаев А.М., Лесов Б.Е.

«ҚазҒЗВИ» ЖШС «Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу
ветеринарлық станциясы» филиалы

Түйін Мақалада Түркістан облысында жануарлардың бруцеллез індетін балау және эпизоотологиялық ахуалы және де бұл індеттен барлық ауру малдарды тез арада толық анықтауға SR-антигенін зертханалық және өндірістік жағдайда қолданудың тиімділігі туралы баяндалады. Соңғы жылдардағы бруцеллез індетінің малдардың арасында таралу себептері, аурудың белгілері, ең бастысы бруцеллез індетін серологиялық әдістермен анықтау жолдары қарастырылған. Бруцеллез індеті кеңінен таралған болып саналатын Төлеби, Бәйдібек, Қазығұрт, Түлкібас және Сайрам аудандарындағы малдардың қаны алынып серологиялық (КБР, РБС, АР) зерттеулерден өткізілді. Ол үшін бруцеллез індетін анықтауға бұрыннан қолданып келе жатқан биофабрикалық бірінғай бруцеллез антигенінің орнына, құрамында S және R-антигендері бар диагностикалық дәрмекті қолдана отырып, барлық ауру малдарды жылдам және толық тауып анықтаудың арқасында бруцеллез індетінен сау емес шаруашылықтарды сауықтыруды өндіріске енгізу өте маңызды болып саналады.

Кілттік сөздер: бруцеллез, антиген, қан сарысуы, антидене, серологиялық реакция

Кіріспе. Мал шаруашылығы дамыған Түркістан облысында соңғы жылдары жануарлардың арасында бруцеллез індеті кеңінен таралып, облыс экономикасын көптеген шығындарға батыруда. Ең бастысы бруцеллез індеті малдан адамдарға жұғып тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік мәселеге айналып отыр.

Қазақстанда ветеринария ғылымы мен практикасы бруцеллез ауруының эпизоотологиясы, аурудың белгілері, биологиясы, алдын-алу шаралары жөнінде бір қатар жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Сонда да болса бұл індет біздің елімізде әліде болса толық шешімін таба қоймаған мәселелердің бірі болып саналады. Облыстық ветеринарлық зертхананың мәліметі бойынша 2018 жылы облыстағы ірі қара малдардың 0,38 %-ы, ал уақ малдардың 1,48 %-ы бруцеллезбен залалданғаны, яғни өз кезегінде 544 бас ірі қара малдары және 2400 бас уақ малдардың бруцеллез індетіне шалдыққаны белгілі болған.

Жалпы ауру шыққан шаруашылықта бруцеллезге қарсы жүргізілетін шаралардың тиімділігі, ауру малдарды балауға қолданылатын әдістердің өзіне тәндігіне және әсіресе оның сезімталдығына байланысты болып отыр. Жануарлардың бруцеллезін негізінен аурудың клиникалық, аллергиялық, бактериологиялық және серологиялық балау әдістерінің нәтижелеріне сүйене отырып анықтайды. Бұл әдістердің ішінде бактериологиялық балау әдісі – ең сенімді әдіске жатады. Себебі залалданған патологиялық материалдардан бруцеллез қоздырғышын тауып бөліп алу мал организмінде аталған инфекцияның бар екеніне күмән туғызбайды. Десекте, бактериологиялық зерттеу әдісі орындалу жағынан өте күрделі, ұзақ уақытты қажет ететін және көп қаражатты керек ететін әдіс болып саналады. Сонымен бірге көп жағдайларды бұл әдістің көмегімен бруцеллаларды бөліп алуға мүмкіндік бола бермейді.

Қазіргі кезде малдарды бруцеллезге балау үшін агглютинация реакциясы (АР), комплементті байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР) және Розбенгал сынамасы (РБС) сияқты серологиялық реакциялар қолданылады.

Алайда, малдың бруцеллез ауруын балауда АР-сы мен КБР-сын жан-жақты зерттеулердің нәтижесінде бруцеллезге жаңадан шалдыққан малдар агглютинация реакциясында оң реакция беретіндігі, ал комплементті байланыстыру реакциясының оң көрсеткіштері бір екі айға кеш пайда болатындығы және ол ұзақ сақталатындығы анықталған (1,2). Бұл жағдай өз кезегінде бруцеллез індеті созылмалы болып келе жатқан шаруашылықтарда ауру

малдарды толығымен анықтауға аталған балау әдістерін (АР, КБР, РБС) кешенді түрде қолдануды қажет ететіндігін көрсетеді (3,4).

Мал бруцеллезін балауда серологиялық әдістердің тиімді, өзіндік тән, сезімталдығының жоғары болу және де оларға қолданылатын антигеннің белсенділігіне тікелей байланысты. Қазіргі кезде АР, КБР, ҚҰБР-на біріңғай бруцеллездік антигені қолданылады. Бірақта бұл антигеннің көмегімен бруцеллезбен ауыратын малдарды кез-келген уақытта толық анықтау мүмкін болмай отыр.

Бруцеллездің барлық формасымен ауыратын малдарды анықтау үшін құрамында бірнеше антигендік детерминанттары бар, ауқымды әдістер қажет. Сондықтан бруцеллез індетін анықтауға бұрыннан қолданылып келе жатқан біріңғай бруцеллездік антигенінің орнына құрамында SR-антигені бар диагностикалық дәрмекті қолдану маңызды болып саналады. Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасы филиалында Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтының бруцеллез бөлімінде даярланған SR-антигенінің өзіндік тәндігімен сезімталдығын және ауру малдарды анықтаудағы тиімділігіне арнайы өзіндік зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулерді іске асыру жоспар бойынша соңғы жылдары малдардың арасында бруцеллез індеті көп тараған, орташа тараған, және аз таралған немесе бруцеллезден сау шаруашылықтар анықталынып алынды.

Арнайы әдістеме бойынша бруцеллез індетімен 0,2%-дан жоғары залалданған шаруашылықтар немесе аудандар бруцеллез індеті көп таралған зонаға, 0,05%-дан 0,2%-ға дейін залалданған шаруашылықтар бруцеллез індеті орташа тараған, ал 0,01%-дан 0,05%-ға дейінгі бруцеллезге шалдыққан аймақтар, бруцеллез індеті аз тараған аймақтарға жатқызылды.

Бұл зерттеулерді орындау барысында 4 жыл ішінде барлығы 5426 бас ірі қара, 9846 бас уақ мал, сонымен бірге 140 бас түйе, 300 бас иттердің қаны алынып серологиялық әдістермен зерттелінді.

Қан сынамалары бруцеллез індеті кеңінен таралған Төлеби, Түлкібас, Сайрам және Бәйдібек аудандарының шаруашылықтарынан, орташа таралған Түркістан, Сарыағаш, Қазығұрт аудандары мен Кентау қаласының малдарынан алынып SR-антигенімен серологиялық АР, КБР және РБС әдістерімен бруцеллезге тексерілді.

Жалпы бруцеллез індеті инфекциялық патологиялар арасында 80-82%-ды құрайтындықтан және бұл індет Түркістан облысында әсіресе уақ және ірі қара малдардың арасында жиі кездесетінін ескерсек, жоспар бойынша зерттелінген қан сынамаларының нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

1-кесте

Бруцеллез індетімен әр түрлі дәрежеде залалданған ірі қара және уақ малдарды SR-антигенімен серологиялық тексерудің нәтижелері

№	Жылдары	Аудандар саны	Ауыл әкімшілік саны	SR-антигенімен тексерілген қан сынама саны	Оң нәтиже көрсеткен малдар саны	% залалдануы
				РБП, РСК, РА		
Ірі қара малдар						
1	2016	8	17	1274	7	0,5
2	2017	5	8	2162	2	0,09
3	2018	6	7	790	3	0,38
4	2019	9	11	1200	4	0,34
	Барлығы	28	43	5426	16	0,3
Уақ малдар						
1	2016	4	14	2654	16	0,6
2	2017	5	10	3620	30	0,8
3	2018	6	7	1552	23	1,48
4	2019	8	8	2020	19	0,9
	Барлығы	23	39	9846	88	0,9

1 кестедегі көрсетілген мәліметтерден соңғы 4 жыл ішінде облыс бойынша 28 аудандағы 43 ауыл әкімшілігінен 5426 бас ірі қара малының қан сынамаларын бруцеллезге SR-антигенімен тексергенде, 16 бас ірі қара малдардың қан сынамалары оң нәтиже бергені, ол нәтижесінде 0,3%-құрайтындығы белгілі болды. Кестеден әсіресе 2016 жылы (0,5%), содан соң 2018 жылы (0,38%) ауру малдардың көбірек тіркелгені байқалады.

Сонымен бірге, 2017 жылы саны жағынан ең көп (2162) қан сынамасы тексерілгенімен ол өз кезегінде небәрі 2 бастан ғана оң нәтиже көрсеткені 0,09%-құрайтыны көрініп тұр.

Дәл осындай серологиялық өзіндік зерттеулер 23 ауданға қарасты, 39 ауыл әкімшілігіндегі уақ малдардың қан сынамаларын тексергенде оның 0,9%-ы, яғни 88 басы бруцеллезге оң нәтижелі болғаны анықталды. Сонымен бірге әсіресе 2018 жылы саны жағынан небәрі 7 ауыл әкімшілігінен 1552 уақ малдың қан сынамасы тексерілгендігіне қарамастан ең жоғарғы 1,48% малдың бруцеллезге шалдыққаны байқалады. Соңғы 2019-шы жылы тексерілген 2020 бас уақ малдардың 19 басы бруцеллездік SR-антигенге оң нәтижелі болып 0,9 %-ды құрайтыны белгілі болды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бруцеллез індеті көп және орташа тараған аудан және ауыл әкімшіліктерінің малдарының қан сынамаларын серологиялық (РБС, АР, КБР) реакцияларында SR-антигенімен тексергенде 4 жылда орташа есеппен ірі қара малдардың 0,3%-ға, ал уақ малдардың 0,9%-ға бруцеллезбен залалданғаны анықталды. Мұның өзі Түркістан облысы аумағында соңғы жылдары әсіресе уақ және ірі қара малдардың арасында бруцеллезден эпизоотологиялық жағдайлардың шиеленісіп тұрғанын көрсетеді.

Литература

1. Иванов Н.П. Бруцеллез сельскохозяйственных животных, методы и средства борьбы с ним. – А.: Кайнар, 2002. – 241с.
2. Наставление по диагностике бруцеллеза животных. №11-1/54, утвержденное комитетом ветеринарии МСХ РК от 3 февраля 1999г.
3. Юсковец М.К. Бруцеллез сельскохозяйственных животных. – М: Сельхозгиз, 1952. – 248 с.
4. Джукина С.И. Эпизоотологический процесс и его контроль при факторных инфекционных болезнях. М: РУДН, 2002. – 205 с.

Резюме

ДИАГНОСИКА БРУЦЕЛЛЕЗА ЖИВОТНЫХ И ИЗУЧЕНИЕ ЭПИЗООТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Тоғанаев Ж.Қ., Жаңбырбаев М.Ж., Қалаубаев А.М., Лесов Б.Е.
Филиал «Южно – Казахстанская научно – исследовательская ветеринарная станция» ТОО «КазНИВИ»

Проведенные собственные серологические исследования SR-антигеном показывает, что на территориях Туркестанской области последние 4 года стабильно сохраняется эпизоотологическая ситуация по бруцеллезу крупного и мелкого рогатого скота.

SR-антиген является достаточно высокоактивным, специфичным диагностическим препаратом и дает возможность выявить больных бруцеллезом животных в хозяйствах с разной степени зараженности бруцеллезом.

Ключевые слова: бруцеллез, антиген, сыворотка, антитело, серологическая реакция

Summary

DIAGNOSTICS OF ANIMAL BRUCELLOSIS AND STUDY OF EPISOOTIC SITUATION IN THE TURKESTAN REGION

Toganaev Zh.K., Zhabyrbaev M. Zh., Kalaubaev A.M., Lesov B.E.
«South – Kazakhstan Scientific – research Veterinary Station» branch of «Kazakh Scientific – research Veterinary Institute» LLP

Our own serological studies with the SR antigen show that the epizootological situation of brucellosis of cattle and small cattle has been stably maintained in the territory of Turkestan region for the last 4 years.

SR antigen is a rather highly active, specific diagnostic drug and makes it possible to identify animals with brucellosis in farms with varying degrees of brucellosis infection.

Key words: brucellosis, antigen, serum, antibody, serological reaction

ЗОНИРОВАНИЕ ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ПО ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА БРУЦЕЛЛЕЗОМ

Туяшев Е. К., Канатбаев С. Г., Аманжол Р. А., Нысанов Е. С.

Филиал «Западно – Казахстанская научно – исследовательская ветеринарная станция» ТОО «КазНИВИ»

Резюме Результаты изучения эпизоотической ситуации были использованы при ранжировании территории области по степени заболеваемости КРС бруцеллезом. Для наглядной демонстрации полученных эпизоотологических показателей составлена эпизоотическая карта зонирования территории области за последние три года.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, эпизоотология, заболеваемость, диагностика, зонирование, меры борьбы, профилактика

Введение. Неблагополучие территории ЗКО по бруцеллезу среди КРС вызывает необходимость ведения постоянного мониторинга за эпизоотической ситуацией по данной инфекции[1,2].

ЗКО на период обследования имеет 13 хозяйственно-административных территорий, характеризующихся различной эпизоотической характеристикой по бруцеллезу крупного рогатого скота. Территория области на протяжении многих лет является неблагополучной по бруцеллезу КРС. Нет ни одного района, где сохранилось бы стойкое благополучие по данной инфекции.

Для зонирования территории области по бруцеллезу КРС необходимо изучать уровень и динамику проявления эпизоотического процесса бруцеллезной инфекции в разрезе районов[3].

Материалы и методы исследований Проведено изучение эпизоотической ситуации по бруцеллезу КРС ЗКО путем сбора и анализа статистических данных за 2017 – 2019 гг. Эпизоотологическое исследование проводилось на основе методики Бакулова И.А. и Третьякова А.Д. [4].

Результаты и обсуждение Заболеваемость КРС бруцеллезом по ЗКО за последнее 3 года колеблется в пределах 1,0 – 1,4%. По области только в 2017 г. заболело бруцеллезом 7904 гол. скота, в 2018 г. – 7703 гол. скота и в 2019 г. – 7007 гол. скота. Низкое ветеринарно-санитарное состояние ферм, бесконтрольное передвижение скота, бессистемное проведение серологических исследований и отсутствие иммунитета – все эти факторы риска способствуют распространению инфекции.

Результаты диагностических исследований КРС на бруцеллез в разрезе районов в 2017– 2019 гг. приведены в таблице 1.

Таблица 1

Результаты диагностических исследований КРС на бруцеллез в разрезе районов по ЗКО в 2017– 2019 гг.

Наименования районов	Количество больных бруцеллезом и уровень заболеваемости, в %								
	2017 год		2018 год		2019 год		за 3 года		
	Кол-во	%	Кол-во	%	Кол-во	%	Кол-во, всего	Кол-во, в среднем за год	% в среднем за год
Акжайикский	783	0,8	1146	1,08	681	0,5	2610	870	0,8
Бокейординский	1105	1,4	749	0,86	638	0,9	2492	830	1,05
Бурлинский	271	1,0	222	0,87	313	1,1	806	268	1,0
Жангалинский	759	1,3	495	0,72	284	0,5	1538	512	0,84
Жаныбекский	824	1,8	980	2,18	535	1,3	2339	779	1,76
Байтерек	610	1,1	688	1,26	917	2,0	2215	738	1,45
Казталовский	1641	1,7	1644	1,67	740	0,9	4025	1341	1,42
Каратобинский	457	1,3	580	1,43	869	2,1	1906	635	1,61
Сырымский	862	1,7	1174	2,00	970	1,8	3006	1002	1,8
Таскалинский	502	1,6	397	1,1	394	1,2	1293	431	1,3
Теректинский	953	1,8	682	1,19	588	1,1	2223	741	1,36
Шынгирлауский	170	0,5	261	0,72	160	0,4	591	197	0,54
г.Уральск	89	1,6	57	1,20	17	0,4	163	54	1,06
Всего	7904	1,3	7703	1,3	7707	1,0	22614	7538	1,2

Как видно из таблицы 1, высокие показатели (выше средне областного показателя на 1,2% за 3 года) заболеваемости КРС бруцеллезом, отмечены в 7 районах области, что охватывает 54% территории области. Остальные районы с уровнем заболеваемости в них животных ниже 1,2% были отнесены к районам со средней степенью заболеваемости бруцеллезом.

Для наглядной демонстрации полученных эпизоотологических показателей, составлена эпизоотическая карта зонирования территории области по заболеваемости КРС бруцеллезом за 2017-2019 годы (рисунок 1).




Рисунок 1 – Зонирование территории ЗКО в разрезе районов по бруцеллезу КРС за 2017-2019 годы

Из рисунка 1 видно, что в течение последних 3-х лет в ЗКО к зонам с высоким уровнем заболеваемости бруцеллезом КРС относятся Жанибекский, Байтерек, Таскалинский, Теректинский, Казталовский, Каратобинский и Сырымский районы. К зонам со средним уровнем заболеваемости относятся Акжаикский, Бокейординский, Бурлинский, Жангалинский, Шынгирлауский районы и г. Уральск. Благополучных районов по бруцеллезу КРС в ЗКО за этот период не было.

Заключение. На основе созданной эпизоотической карты по бруцеллезу КРС территория области разделена на зоны с различными уровнями заболеваемости. В каждой из зон необходимо

проводить соответствующие дифференцированные противоэпизоотические мероприятия.

Литература

1. Иванов Н. П. Бруцеллез животных: Методы и средства борьбы с ним. – А., 2002. – 351с.
2. Султанов А.А. Некоторые изменения в стратегии ликвидации бруцеллеза животных // мат. междунар. науч. прак. конф. – Душанбе, 2003. – 72 с.
3. Туяшев Е. К. Результаты эпизоотологического анализа по бруцеллезу животных в Западно-Казахстанской области. – Сборник научных трудов. – Том L XII. – А.: ТОО «КазНИВИ», 2016. – С.197-202.
4. Бакулов И.А. Материалы и методы эпизоотологической нозогеографии. – М., 1977. – 64с.

Түйін

ІҚМ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША ОБЛЫС АУМАҒЫН АЙМАҚТАНДЫРУ

Туяшев Е. К., Канатбаев С. Г., Аманжол Р. А., Нысанов Е. С.
«ҚазҒЗВИ» ЖШС «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу
ветеринарлық станциясы» филиалы

ІҚМ бруцеллез ауруы дәрежесі бойынша облыс аумағын іріктегенде эпизоотиялық жағдайдын зерттеу қорытындысы пайдаланылды.

Эпизоотиялық көрсеткіштерді көрнекті көрсету үшін соңғы үш жылдық эпизоотиялық аймақтандыру картасы жасалынды.

Кілттік сөздер: ірі кара мал, індеттану, ауру, диагностика, аймақтарға бөлу, күресу шаралары, алдын алу

Summary

ZONING OF THE WKO TERRITORY FOR MORBIDITY CATTLE WITH BRUCELLOSIS

Tuyashev E.K., Kanatbayev S.G., Amangol R.A., Nysanov E.S.
«West – Kazakhstan Scientific – research Veterinary Station» branch
of «Kazakh Scientific – research Veterinary Institute» LLP

Results of studying of an epizootic situation was used when ranking the territory of the region according to the degree of incidence of cattle brucellosis. To illustrate the obtained epizootic indicators compiled a map dividing the territory of the region for the last three years.

Key words: cattle, epizootology, morbidity, diagnostics, zoning, measures of fight, prophylaxis

ӘОЖ 619:616.982.636.2

ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ КЕНЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ӘРТҮРЛІ ЕМДІК ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Шыныбаев К.М., Канатов Б., Бакиева Ф.А., Саттарова Р.С.,
Акмырзаев Н.Ж., Исакулова Б.Ж., Калысынов Б.С.,
Кыдырбаев А.Т., Илимбаева А.К.**

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС

Түйін Мақалада Алматы облысының құм аймағындағы қыстық орындағы шаруашылықтағы ірі қара малдарды ерте көктем кезінде кенелерге қарсы әртүрлі дәрмектерді және емдеу сұлбасын қолданып, емдеу нәтижелері келтірілген. Емдеу нәтижесінде қолданылған дәрмектердің тиімділігі анықталған.

Кілттік сөздер: ірі қара мал, кене, емдеу сұлбасы, ангус, герефорд

Кіріспе. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының қалыптасқан көп жылғы дәстүрге сай ең басты маңызды саласы мал шаруашылығы. Бұл саланың дамуына өсімдікке өте бай мал өсіретін шұрайлы жайылымдары, малға қолайлы қыстық және жазда жайылатын жазғы жайлаулары бар біздің еліміздің климаттық табиғи жағдайлары оң әсер етеді. Мал шаруашылығы халықтың мал өнімдеріне деген күнделікті өскелең сұранысын толық қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ бұл талаптың орындалуына кедергі келтіретін әртүрлі факторларда баршылық. Өсіресе көктем уақытында мал қыстақтан жайлауға шығар алдында қыстан аман шыққан аш кенелердің шабуылына ұшырайды. Бұл кенелердің ең көп жиналатын жері малдың артқы және алдыңғы аяқтарының арасы, желін аймағы, құлақ және желке жақтары. Малдың қанын сорып әбден тойған кене денелері өздерінің қалыпты қалпынан 5-6 есе ұлғаяды. Жай анемиядан басқа кенелер әртүрлі қанмен таралатын трансмиссивтік ауру қоздырғыштарын (пироплазмоз, анаплазмоз, нутталиоз, тейлериоз, бабезиоз және т.б.) тасымалдайды. Кенелер шабуылының нысаны болған мал арықтап жүдейді, терісінің көп жерінде жүндері түсіп қалады (алапестенеді), жақсы жайыла алмай үнемі қышынып, ол жерлерін қан шыққанша әртүрлі ыңғайлы қатты нәрселерге үйкейді. Осындай жағдайға ұшыраған малдарға дер кезінде ветеринариялық көмек көрсетілмесе, мал арықтап, жүдеп, қоңы түсіп, тіпті амалсыз жарамсыз болып, мезгілсіз сойысқа, ал пироплазмоз және басқа трансмиссивтік аурулармен ауырған мал анемия болып, дене температурасының күрт көтеріліп, қан қоюланып, қандағы гемоглобин мөлшері азайып, қан қысымы шамадан тыс көтерілгенде аяқ астынан өлімге ұшырауыда мүмкін. Ауру малдардан алынатын халыққа қажетті өнімдердің сапасы төмендеп, мөлшері азаяды және ол мал ауру қоздырғышының көзі болып, ауру қоздырғышын тасымалдап, сау малдарға жұқтырып, жайылымға таратып, қоршаған ортаны ластайды, тіпті сол аймақтағы экологиялық, ветеринариялық-санитариялық, эпизоотологиялық-эпидемиялық жағдайды ушықтырып жібереді, адамдар өмірінеде қауіп төндіреді. Осы жағдайлардың бәрін есепке алғанда, кенелермен күресудің, оларды жоятын, малды емдеуге тиімді және қоршаған ортаға және

малға зиянсыз дәрмектерді, әртүрлі алдын алу шараларын іздестірудің маңызы өте зор және уақыт күттірмейтін әрі дер кезінде жоспарлы түрде орындауды қажет ететін мәселе.

Зерттеу мақсаты Алматы облысының табиғи-климаттық жағдайындағы көктемде қыстақтан жайлауға шығар алдында шетелден сатып алынған ет бағытындағы ірі қара ангус және герефорд асыл тұқымды сиырлардың, олардың осы өңірде туылған төлдерінің арасында қан сорғыш кенелер шабуылына ұшыраған малдардың бар-жоғын анықтап эпизоотологиялық мониторинг жүргізу, осы жағдайдың себеп-салдарын тауып, олардың жайылым жерлерге таралу ареалын іздестіріп, нақты балау қою, емдеу және алдын алу шараларын іздестіру.

Материалдар және зерттеу әдістері Зерттеу жұмысы «Ветеринариялық-санитариялық қолайлылықты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және мал шаруашылығы өнімділігін көтеру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Байсерке-Агро» ЖШС «Жамантал» бөлімшесінің қыстақтағы құмды жердегі ет бағытындағы ірі қара ангус және герефорд асыл тұқымды сиырлардың және олардың осы өңірде туылған төлдерінің арасында 2018 жылы жүргізілді. Малдарды аралап көзбен көру (визуальды) және эпизоотологиялық мониторинг жүргізу арқылы малдар арасында қан сорғыш кенелер шабуылына ұшыраған ауру малдардың бар екендігін анықтадық. Арнайы мал жайылатын жерлерге барып кенелердің кездесетінін көрдік. Қан сорғыш кенелерге қарсы әртүрлі өндірушілер (Франция, Индия, Ресей, БАЭ) шығаратын әртүрлі дәрмектерді пайдаланып әртүрлі емдеу сұлбасын қолданып емдедік. Осы жұмысты орындау үшін бөлімшеде қан сорғыш кенелер шабуылына ұшыраған ауру малдардан 3 топ құрдық. Өрбір топта 20 бас ірі қара мал болды.

1-топ. Жиырма бас ірі қара малды фиксация жасайтын қондырғыға қамап, шаруашылыққа қолданып жүрген әдіспен емдедік. Қолдану нұсқаулығына сәйкес «диазинон» (Ресей) дәрмегін аэрозольно арнайы шашқыш қондырғысын қолданып, арнайы қорғаныс киімдерін (газ маскасы, резеңке қолғап, резеңке етік) киіп кене жиналған жерлерге асықпай шаштық (1,2 суреттер).



1-сурет – Кенеге шалдыккан сиырларға ем жүргізу



2-сурет– Кенеге қарсы «Диазинон» (Ресей) дәрмегін сиырларға қолдану

Қолдану нұсқаулығына сәйкес «ашивер» (Индия) дәрмегін 1мл 50 кг мал салмағына есептеп тері асты арқылы енгіздік.

2-топ. Жиырма бас ірі қара малды фиксация жасайтын қондырғыға қамап, қолдану нұсқаулығына сәйкес «бутокс» (Франция) дәрмегін аэрозольно арнайы шашқыш қондырғысын қолданып, арнайы қорғаныс киімдерін (газ маскасы, резеңке қолғап, резеңке етік) киіп кене жиналған жерлерге асықпай шаштық. Қолдану

нұсқаулығына сәйкес «ивермек» (Ресей) дәрмегін 1мл 50 кг мал салмағына есептеп тері асты арқылы енгіздік.

3-топ. Жиырма бас ірі қара малды фиксация жасайтын қондырғыға қамап, қолдану нұсқаулығына сәйкес «дельцид» (Ресей) дәрмегін аэрозольно арнайы шашқыш қондырғысын қолданып, арнайы қорғаныс киімдерін (газ маскасы, резеңке қолғап, резеңке етік) киіп кене жиналған жерлерге асықпай шаштық. Қолдану нұсқаулығына сәйкес «Айвин» («Iveen») (БАЭ) дәрмегін 1 мл 50 кг мал салмағына есептеп тері асты арқылы енгіздік. Емдеу нәтижелері 1 және 2 кестеде көрсетілген.

1-кесте


Кенеге шалдыққан сиырларды «Ашивер» дәрмегімен емдеу үлгісі

Топ №	Ірі қара мал саны	Енгізілетін дәрі-дәрмектер	Енгізу әдісі	Дәрмек мөлшері	Енгізу жиілігі
I	20	1. «Ашивер» (Индия)	1) тері асты арқылы енгізу	1мл 50 кг мал салмағына	айына 2 рет
		2.«Диазинон» (Ресей)	аэрозольно	20 мл 16 л суға	айына 2 рет
II	20	1. «Ивермек» (Ресей)	тері асты арқылы енгізу	1мл 50 кг мал сал мағына	айына 2 рет
		2.«Бутокс» (Франция)	аэрозольно	20 мл 16 л суға	айына 2 рет
III	20	1. Айвин» («Iveen») (БАЭ)	тері асты ар-қылы енгізу	1мл 50 кг мал сал-мағына	айына 2 рет
		2. «Дельцид» (Ресей)	аэрозольно	20 мл 16 л суға	айына 2 рет


Жүргізілген емнің тиімділігін көзбен көру мөлшері (визуально) арқылы кенелер санының азаюы бойынша анықтадық.

Зерттеу нәтижелері Қан сорғыш кенелер ірі қара малдың барынша ашық жүн жоқ жерлеріне шабуыл жасайды (желін, алдыңғы немесе көбіне артқы аяқтарының арасы), әсіресе ең көп жиналатын жерлері желін (3,4 суреттер).

Кене шабуылына душар болған ірі қара малдар мазасызданады, қышынады, жөнді жайыла алмайды, әртүрлі нысаналарға сүйкенеді, кейде тері қабатын тесіп жібергенше үйкенеді, арықтайды, одан алынатын өнімдердің мөлшері мен сапасы азаяды. Егер ауру малдарға тез және дер кезінде ветеринариялық көмек көрсетілмесе, ондай малдар әбден әлсіреп, жайыла алмай, жиі жата беріп, амалсыз жарамсыздыққа ұшырайды.



3-сурет – Сиырдың желінінде жиналған кенелер



4-сурет – Сиырдың құйрық астына жиналған кенелер

Қорытынды. Емдеу нәтижелеріне талдау жасағанда, салыстырмалы түрде қолданылған дәрмектердің тиімділігі анықталды. Атап айтқанда, «Ашвер» + «Диазиноннан», «Айвин» + «Дельцидген» ең жоғары емдік тиімділігін көрсеткен кешенді дәрмек «Ивермек» + «Бутокс» болды. Бұл топтың ірі қара малдарында аурудың клиникалық белгілері, кенелер саны үш күн ішінде азайып, бесінші күні кенелер мүлде көрінбей, ірі қара малдар 93,6% жазылды. Малдардың тұяқ ауруларының алдын алу және қосымша қан сорғыш кенелерге қарсы шара ретінде тұяқ ваннасында (формалин+тотияйн+су) айына бір рет қолдануға болады.

Әдебиеттер

1. Шарабрин И.Г. Внутренние незаразные болезни сельскохозяйственных животных. – М.,1985. – С. 221-224.

2. Молдагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Камбарбеков А.Т. Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы. – А., 2007.

3. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2210784315001552> Winter 2018 Board Meeting Highlights, Canada.

4. Effect of Improving Lamphun Cattle with Black Angus on Carcass and Meat Quality Amphon Waritthitham, Michael Wicke, MichaelKreuzer, Sanchai Jaturasitha.

5. Канатов Б., Шыныбаев К.М., Ақмырзаев Н.Ж., Сыдыков Б.А., Кыдырбаев А.Т., Калисынов Б.С. Гиповитаминозбен ауырған бұзауларды емдеу тиімділігі мен мен сұлбасы. Ж. «Қазақстан жоғарғы мектебі» – А., 2015. Б. 37-41.

6. Сидоркин В. А. Ивермек: фармакологические свойства и опыт применения.

7. Сидоркин В.А. Перспективы использования препарата ивермек для борьбы с гельминтозами лошадей. – М., 1982. – С. 94-97.

Резюме

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЗЛИЧНЫХ ОБРАБОТОК И ЛЕЧЕБНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПРОТИВ КЛЕЩЕЙ У КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Шыныбаев К.М., Канатов Б., Бакиева Ф.А., Саттарова Р.С.,
Акмырзаев Н.Ж., Исакулова Б.Ж., Калисынов Б.С., Кыдырбаев
А.Т., Илимбаева А.К.

ТОО «Казахский научно-исследовательский ветеринарный
институт»

В статье приводятся результаты ранне-весенней акарицидной обработки крупного рогатого скота, содержащегося в песчаной зоне Алматинской области. Определена сравнительная эффективность различных лекарственных средств и схем лечения против клещей у крупного рогатого скота.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, клещ, схема лечения, абердин ангус, герефорд

Summary

EFFECTIVENESS OF VARIOUS TREATMENTS AND THERAPEUTIC MEASURES AGAINST MITES IN CATTLE

Shynybaev K.M., Kanatov B., Bakiyeva F.A., Sattarova R.S.,
Akmyrzaev N.ZH., Isakulova B.ZH., Kalissynov B.S., Kydyrbaev
A.T., Ilimbaeva A.K.

LLP «Kazakh Scientific – research Veterinary Institute»

The article presents the results of early-spring acaricidal treatment of cattle, contained in the sand zone of the Almaty region. The comparative efficiency of various drugs and treatment regimens against mites in cattle has been determined.

Key words: cattle, mites, treatment regimen, aberdino angus, Hereford.

ІРІ ҚАРА МАЛ МОРАКСЕЛЛЕЗІ КЕЗІНДЕ ЕМДІК ЖАҚПА МАЙДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**Шыныбаев К.М., Саттарова Р.С., Бакиева Ф.А., Исакулова
Б.Ж., Илимбаева А. К., Ақмырзаев Н.Ж., Аскарова А.**

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС

Түйін Ірі қара малдың көзінің моракселлезді этиологиясы кезінде емдеуге арналған біз даярлаған препараттың қолдану тиімділігі аурудың бастапқы кезеңінде айтарлықтай жоғары. Аурудың төртінші сатысындағы көздің зақымдануы кезінде моракселлезге қарсы жақпа майдың терапевтік әсері болмайды.

Кілттік сөздер: ірі қара мал, жақпа майы, моракселла өсінділері

Ірі қара малдың көзінің моракселлезді этиологиясы кезінде емдеуге арналған біз даярлаған препараттың қолдану тиімділігі аурудың бастапқы кезеңінде айтарлықтай жоғары. Аурудың төртінші сатысындағы көздің зақымдануы кезінде моракселлезге қарсы жақпа майдың терапевтік әсері болмайды.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында ет өнімділігінің асыл тұқымды мал басының импорты, оның ішінде инфекциялық кератоконъюнктивит қоздырылушысын таратушылар, жұқтырылған жануарлардың бір өңірден және шаруашылықтардан басқасына ауысуы осы ауру бойынша тұрақты қолайсыз ошақтардың едәуір таралуына және пайда болуына әкеп соқтырды.

Моракселлездік кератоконъюнктивиттен келтірілген экономикалық шығын жыл сайын 150-ден 200 миллион долларға дейін жетеді [1,2]. Геррефорд пен Шарол пародының моракселлезге бейімділігі туралы мәліметтер бар [3], бірақ біздің елімізге импортталған ет бағытындағы малдардан Абердино-ангус тұқымы жиі ауырады [4,5]. ҚР аумағында өсірілетін басқа ІҚМ тұқымдары арасында аталған аурудың одан әрі таралуының ықтимал мүмкіндігі анық.

Моракселлез – бұл қабыну түрінде көз конъюнктивасының шырышты қабығының зақымдануымен, көз алмасының қабығының жабысуымен, катаральды немесе фиброзды-ірінді кератоконъюнктивит түрінде оған іргелес аймақтың дистрофиялық өзгерістерімен сипатталатын жануарлардың жұқпалы ауруы және көзінен жас ағуымен, жарық жаюымен және қышуымен, кейіннен көруді толық жоғалтуға әкелетін асқынумен сипатталады [1,2,3,4].

Моракселлездік этиологиядағы ірі қара малдың кератоконъюнктивитімен күрестің тиімді әдісін әзірлеу үлкен экономикалық маңызға ие. Экономикалық шығын ауру малдардың өнімділігінің төмендеуінен, көбінесе зақымданған мал басын амалсыз таңдап алудан, сондай-ақ ауырған малдарды емдеуге және профилактикалық іс-шараларды жүргізуге жұмсалатын шығындардан құралады. Көз аурулары кезінде емдеудің күрделілігі жеке тәсілді талап етеді, бұл осы іс-шараларды жүзеге асырудың қиындығы, әсіресе табында зарарланған сиырлардың саны күннен күнге көбеюде.

Моракселлезге қарсы терапевтік препараттарды өндіру биологиялық өнеркәсіп кәсіпорындарында жолға қойылуы мүмкін, сондай-ақ моракселлезге қарсы күрес құралдарының индустриясы ветеринариялық зертханалар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жұқпалы кератоконъюнктивит моракселлез этиологиясымен күресуде препараттар дайындауды әзірлеу ұлттық және халықаралық ауқымда үлкен маңызға ие, себебі ауру Қазақстан Республикасында ет өнімділігі бағытындағы ІҚМ арасында, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде кеңінен таралған.

Зерттеу мақсаты – моракселлезді этиологиядағы жұқпалы кератоконъюнктивит кезінде ірі қара малды емдеу үшін препаратты өнеркәсіптік дайындау жағдайларын оңтайландыру. Моракселлезбен зақымданған кезде ірі қара малдың көзін емдеу үшін препараттың тәжірибелік үлгілерін қолданудың тиімділігін зерттеу.

Зерттеу әдістері мен материалдары Жақпаға дейінгі клиникалық зерттеулер сыртқы түрін, иісін, біркелкілігін, сыртқы қоспалардың болуын, микробиологиялық тазалықты анықтаудан тұрады.

Сыртқы түрі, түсі мен иісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясына сәйкес анықталды, I том, Жергілікті қолдануға арналған жұмсақ дәрілер, 525-бет. Ол үшін терапиялық жақпа 1-2 мм қабаты бар шыныға шпательмен жағылып, көзге көрінетін жарықпен қаралды. Жақпа сары-қоңыр түсті болды.

Иісі органолептикалық жолмен анықталды. Ол үшін жақпа 1-2 мм қабаты бар заттық шыныға жағылды және иіс пен ингаляция органынан 7-10 см қашықтықта иістің болуы немесе болмауы анықталды. Жақпаға тән және жағымсыз иіс болмады.

Біртектілікті және механикалық қосындылардың бар-жоғын анықтау көзбен және микроскоп көмегімен жүргізілді. Ол үшін кем дегенде 10 мкг жақпа бар үлгіні заттық шыныға жұқа қабатпен мұқият жағып, сынаманың бүкіл аймағына микроскоппен қарады. Алғашында максималді өлшемі 25 мкм-ден асатын бөлшектерді ескере отырып, кіші үлкейту кезінде ($4 \times$) қарастырылды. Содан кейін, бұл бөлшектер үлкенірек өлшемде ($10 \times 40 \times$ дейін) өлшенді. Бөлшектер саны 10 мкг жақпаға есептелді. Сонымен қатар, зерттелген үлгілерде ең көбі 25 мкм болатын 5-тен 17-ге дейін бөлшектер болды.

Микробиологиялық тазалықты анықтау ҚР ГФ 5.1.4 сәйкес жүргізілді. ҚР ДС 2.6.1. сәйкес «Дәрілердің микробиологиялық тазалығы» 469, кесте. 2.6.1-3, 173-бет.

Майдың қажетті мөлшері дайындалған препараттың жалпы көлемінен алынды және буферлі ерітіндіде натрий хлориді мен рН 7,0 пептонмен 1:10 қатынасында арластырылды.

Жақпа құрамында антибиотиктер бар, сондықтан микробқа қарсы әсерге ие. Талдау нәтижелерінің қате бағалауын болдырмас үшін, дәрі-дәрмектердің микробқа қарсы әсері болмайтындай, жақпа сынамасын сұйылту алдын-ала дайындалды. Бұл үшін 1:10 сұйылтылған сынама алынған және бес пробиркаға он рет сұйылтылды. Әр сұйылтудан бастап, бактериялар мен саңырауқұлақтарға арналған қоректік ортаға себу жүргізілді. Біздің жағдайда жүргізілген барлық ерітінділерден себу кезінде сыртқы микрофлораның өсуі байқалмады.

Сутегі ионының концентрациясын (рН) анықтау рН өлшегіш (С 931 мультипараметрлі анализатор) көмегімен жүргізілді. Ол үшін сулы сығынды дайындалды: стаканға 10,0 г жақпа салынып,

90,0 см³ тазартылған су қосылып, эмульсия толығымен жойылғанға дейін 80°C-қа дейін қыздырылды, содан кейін ол 20°C-қа дейін салқындатылды және рН өлшенді.

Дайындалған ерітінді сыйымдылығы 50см³ стаканға салынып, құрылғы шкаласында рН өлшеу алынды. РН мәні 7.4 болды, бұл көз жасы сұйықтығының рН-ға сәйкес келеді.

Өндіруші тығыз жабылған контейнерде сақтау жағдайларын ескере отырып, моракселлезге қарсы жақпа майдың сақталу мерзімі 12 ай.

Клиникалық зерттеулерге залалсыздықты анықтау және терапиялық тиімділікті анықтау кірді.

Препараттың залалсыздығы көз аурулары белгілері жоқ сау зертханалық жануарлар (қоян) мен ірі қара малдың конъюнктивасына қолданған кезде анықталды. Барлық жағдайларда жақпа қолдану көздің конъюнктивасының шырышты қабығының қабыну реакциясын және жануардың мазасыздығын тудырмады.

Зерттеу нәтижелері «ҚазҒЗВИ» ЖШС дайындаған моракселлезге қарсы препаратты қолдану тиімділігі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақпай а/о «Сарыбаев Д.Е.» және «БЕК БИ» шаруа қожалықтарында, сонымен қатар Алматы облысының Талғар ауданы «Байсерке-Агро» МТФ ЖШС, Алакөл ауданы Агро және «Шілікті» ЖШС жүргізілді.

Сонымен қатар, 517 ірі қара мал көз ауруы бойынша клиникалық тексеруден өтті.

Әр түрлі деңгейдегі көздің қабыну белгілері бар ш/қ «Сарыбаев Д.Е.» 11 жануардан, КБР тексеру үшін қан сынамасы, зақымдалған көздерден 15 биоматериалдан және бактериологиялық зерттеулер үшін мұрындарынан шырышты 3 үлгі алынды. Сонымен қатар, «БЕК-БИ» ш/қ аурудың қоздырушысын оқшаулау үшін серологиялық реакцияларға әртүрлі ауру деңгейіндегі жануарлардан алынған қан сарысуының 22 сынамасын және зақымдалған көздерден 30 биоматериалдан, мұрын қуысынан 3 сынама алынды. КБР және бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері 1 кестеде келтірілген.

КБР және бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері

№ п/п	Шаруашылық атауы	Клин. зерттелген Сиырлардың жалпы саны	Зерттеу нәтижелері					
			КБР				Бактериологиялық	
			Био-материал саны	оң	күдік	теріс	зерттелген саны	Бөлінген өсінді
1	Сарыбаев Д.Е.	115	11	-	-	11	18	-
2	БЕК БИ	33	22	3	2	17	33	6
3	Архарлы-Майбүйрек	350	13	2	-	11	39	2
4	Байсерке-Агро	19	19	-	-	19	19	-
Жалпы		517	65	5	2	58	109	8

1 кестеден көріп отырғанымыздай, «Сарыбаев Д.Е.» шаруа қожалығынан алынған жануарлардан қан сынамалары комплектті байланыстыру реакциясында теріс нәтиже көрсетті. БЕК-БИ ш/қ ірі қара малынан алынған 33 сынаманың 3-і ҚазҒЗВИ дайындаған антигенмен оң реакция көрсетті, 2 сынама күмәнді, ал 17 сынама теріс нәтиже берді.

«Сарыбаев Д.Е.» шаруа қожалығынан 18 биоматериалдың сынамалары бактериологиялық зерттеу барысында моракселлез бактерияларының өсінділері бөлінбеді. БЕК-БИ ш/қ сиырларынан алынған 33 биоматериалдың 6 моракселла өсінділерінің індеттік өсінділері анықталды.



1-сурет – Ірі қара малдың моракселлезінің бастапқы сатысындағы клиникалық белгілері

Қан сарысуындағы 13 сынаманың 11-і КБР-да теріс және 2 оң нәтиже көрсетті, бұл Алматы облысының Алакөл ауданындағы «Арқарлы-Майбұйрек» ш/қ Шілікті филиалының бактериологиялық зерттеу нәтижелерімен сәйкес келді.

«Байсерке-Агро» ЖШС СТФ күтіп-бағылатын 19 сиырларды тексеру барысында серологиялық және бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері теріс болды, бұл біздің зерттеуімізге дейінгі терапиялық әсерге байланысты болуы мүмкін.

1 кестеде келтірілген мәліметтерден байқағанымыздай, серологиялық зерттеулердің нәтижелері бактериологиялық нәтижелерімен сәйкес келеді.

Әрі қарай, біз аурудың клиникалық көріністері көрсетілген жануарларға өзіміз дайындаған жақпа үлгілерін қолданудың тиімділігін зерттедік. Нәтижелер 2 кестеде көрсетілген.

2-кесте

Ірі қара малдың моракселлезі кезінде емдік препараттың тәжірибелік үлгілерін қолданудың тиімділігі

№ п/п	Шаруашылық атауы	ЖКК белгілері бар сиырлар саны	Зерттеу нәтижелері					
			Белгілерінің толық жоғалуы		Жартылай сауығуы		терапевт. тиімділіктің болмауы	
			абс	%	абс	%	абс	%
1	Сарыбаев Д.Е.	11	1	9	10	90,9	-	-
2	БЕК БИ	22	4	18,2	14	63,6	4	18,2
3	Арқарлы-Майбұйрек	36	19	52,8	15	41,7	2	5,5
4	Байсерке-Агро	19	11	57,9	3	15,8	5	26,3
Жалпы		88	35	40	42	48	11	12

2 кестедегі мәліметтерден көрініп отырғандай, «Сарыбаев Д.Е.» шаруа қожалығының кератоконъюнктивитінің клиникалық белгілері бар жануарларда, препаратты күніне 7 рет бір рет қолданғаннан кейін, бір жануарда қабынудың клиникалық белгілері толығымен жойылды, 9-да. аурудың клиникалық көріністерінің жақсаруы, қабыну процесінің төмендеуі және көздің қабығын тазарғаны байқалды.

БЕК-БИ ш/к күніне жеті рет бактерияға қарсы жақпа қолданған 22 малдың ішінен аурудың бастапқы кезеңінде 4 және 14 бас малда толық және жартылай сауығу байқалды, бұл 18,2% және 63,6% құрады. ЖКК (4-ші саты) дамыған сатысында 4 бас жануарларда сауығу болған жоқ.



2-сурет – Моракселлезге қарсы даярланған жақпа майды қолдану кезінде

«Арқарлы-Майбүйрек» шаруа қожалығының Шілікті филиалында жеті рет 36 мал емделді, олардың 19 (58,8%) және 15 (47,16%) аурудың бастапқы кезеңінде де толық және жартылай емделді. ЖКК дамыған сатысында 2 сиырда емдік әсері анықталмады.

«Байсерке-Агро» ЖШС қарасты әулікөл тұқымдас 17 жануардың және Аберино-Ангус тұқымының екі бұзауының жоғарыдағыдай бірнеше рет бактерияға қарсы жақпа көмегімен емделуінен кейін, 11 малдың толық қалпына келуі байқалды, 3 жануарда жақсару байқалып, сәйкесінше 57,9% және 15,8% құрады. Зақымдалған көзді емдеу жалғасуда.

Осылайша, бактерияға қарсы жақпа қолданудың тиімділігін зерттегенде, бұл препарат моракселлезді этиологияның жұқпалы кератоконъюнктивитімен ірі қара малының инфекциясының бастапқы (бірінші, екінші және жартылай үшінші) сатыларында тиімді екендігі дәлелденді. Аурудың дамыған кезінде емдеу сәтті болмайды.

Барлығы 616 манипуляция жүргізілді. Препараттың бір дозасының құны 100 теңге, жалпы құны 61 600 теңгені құрады.

Қорытынды. Клиникалық зерттеулер негізінен өндірістік жағдайда өткізілді. Шет елден әкелінген ірі қара малдың ішінде ауру жануарлардың саны өте көп болғандықтан, мелакселлезбен зақымдалған малдың көзін емдеуге арналған терапевтік тиімділігін зерттеу қажеттілігі туындады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, малдың көзін моракселлезді этиологиясы кезінде біз дайындалған препараттың емдік тиімділігі аурудың бастапқы сатысында анықталды.

Әдебиеттер

1. W. Dee Whittier D.V.M., Extension Specialist, Large Animal Clinical Sciences, Virginia Tech et all. Pinkeye in Beef Cattle. <https://www.addl.purdue.edu/newsletters/2003/summer/bovpinkeye.shtml>

